Қазіргі таңда оқушылардың бойында танымдық, зияткерлік, шығармашылық, ізденіс адамгершілік рухпен суындап келе жатқан оқушыларды дамытуда. Еліміздің еңсесі биік, іргетасы берік болуына осы жастарымыздың қосар үлесі орасан зор. Кез-келген ұстаз алдында осындай шәкірттер болуын қалар деп ойлаймын. Осындай ізгі шәкірттерді дайындау үшін ұстаздарға оқытудың осы аспектісі көмектеседі деген үміт оты басым. Өзінің алған білімін кез-келген жағдайда тиімді қолдана алатын шәкірт тәрбиелеу заман талабы, заман сұранысы.

Осы мақсатта II-деңгейлі Г.Авид «Формативті бағалау әдісі арқылы сабақтың тиімділігін арттыру» тақырыбында коучинг өткізді, коучингте мұғалімнің кең ауқымды шығармашылығы жоғары екендігін көрсетті. Келген тыңдаушыларымыз коучинг басында өз есімдеріне сын есіп қосып айтып көңілденіп алды да «Молекула» ойыны арқылы топтарға бөлінді. «Сұрақ-жауап», «Кинометафра», «Топтастыру», «Пілдің суреті» әдіс-тәсілдері арқылы бағалау критерилерімен танысты, өздерін жұпта, топта бағалауды нақты игеріп шықты. Критерии арқылы бағалаудың керек екендігіне көздері жетті.

Келесі кезекте I-деңгейлі Д.Қ. Шабажанова математикадан «Есепті пысықтау» тақырыбы I-сыныпта, III-деңгейлі Ж.Б. Муканова қазақ тілінен «Етістік» тақырыбы бойынша 3-сыныпта сабақтар көрсетті. Ашық сабақтарда мұғалімдер өзінің ісінің шебері екендіктерін көрсетті, сабақта қолданған әдіс – тәсілдер оқушыларға жағымды психологиялық ахуал жасап, бірлікте, достықта жұмылып топта қарым-қатынас жасауға бағыттады. Соның ішінде атап айтсақ, «Кинометафра» «Сәйкестендіру», «Эссе», «Бес жолды өлең», «Ыстық микрофон», «Автор орындығы», «Торлы көз», «Ассоциация» кестесі әр кезең сайын оқушылармен формативті бағалау жүргізу әдістерін ұтымды қолдана білді.

Рефлексиялық кері байланыс кезінде заманауи үлгідегі өткізілген сабақтар мен коучингтер тыңдаушылардың көңілдерінен шығып, сабақтың өн бойында 7-модулді толық қолдану жоғары деңгейде, құрылымды жағынан жүйелі өтілуі, мазмұны терең екендіктерін атап өтіп, ризашылықтарын білдірді.

№25 ЖОМ, бастауыш сынып мұғалімі
Ж.Б. Муканова



Жаңашылдыққа бетбұрыс

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Осындай қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, жаңашылдық мектептің оқыту процесіне әсер ететіні сөзсіз. Болашақ – жастар қолында демекші, бүгінгі ұрпақтың саналы да тәрбиелі боп қалыптасуына мектептің қосар үлесі зор. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімдер қауымының басты міндеті деп білеміз. Қазіргі таңда білім саласында жаңа форматта оқыту жүйесі енгізілуде. Елімізде ұстаздардың біліктілігін арттыру мақсатында әр түрлі курстар, семинарлар өткізіліп жатыр. «Желілік қоғамдастық оқыту қоғамдастығында жүріп жататын ақпарат алмасу үдерісі мұғалімдердің тәжірибесі мен жұмысының мазмұнын арттырып, оған тартылған адамдарды өзара тығыз байланыстырып, олардың сырт көзге көрінбейтін, күнделікті жұмысына түр береді» - деп Энн Либерман айтқандай, ақпарат, тәжірибе алмасу мақсатында 2015 жылдың 14 ақпаны күні №25 жалпы орта білім беру мектебінде деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің қатысуымен «Жоғары деңгейлі сұрақтар-ойлау қабілетін дамыту құралы» тақырыбында бастауыш сынып мұғалімдері С.Т. Нурпеисова мен Д.Қ. Шабажанованың ұйымдастыруымен семинар өтті. Семинарға педагогикалық шеберлік орталығының тренери Ибраева Айман Рахимжанқызының жетекшілігімен облысымыздың мектептерінен мұғалімдер қатысты. М.Т. Касымгожина биология пәнінен, Қ.Е. Смагулова тарих пәнінен сабақ көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Қазақ - түрік лицейінің мұғалімі Ф.М. Баимбетова мектеп мұғалімдеріне «Жоғары деңгейлі сұрақтардың тиімділігі» тақырыбында коучинг өткізді. Семинар соңында қатысушылар тәжірибелерімен бөлісіп, кері байланыс жасады. Мұғалімдер үшін осындай іс-шаралар өте тиімді боп келеді.

№25 жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері Г.З. Кабдилова, Б.С. Искакова

«Музыкалық квартал» студиясында ашық сабақ өтті

Жуырда Оқушылар сарайының «Музыкалық квартал» вокал студиясында ашық сабақ өтті. Бұл студияның жетекшісі Татьяна Ивановна Атлан, 30 жылдан астам еңбек өтілі бар ұстаз, өз маманының шебері. Ашық сабақтың тақырыбы «Вокал сабағында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану» болды. Сабақта ұстаз оқыту формасының белсенді ақпараттық технологияларды енгізіп, оқыту процесін жетілдірді. Сабақ барысында Татьяна Ивановна оқушылармен сабақтың түрлі әдіс-тәсілдерін қолданып, жаңа сабақты нақты талдап отырды. Сабақта сонымен қатар мәнерлеп оқу, дауыс ырғағының әсем шығуы үшін әр-түрлі жаттығулар жасалды. Ашық сабақта «Отандастар», «Сәлем, Қазақстан», «Аквадель» атты жаңа әндер орындалды.

Ұлыстың Ұлы – Наурыз күні қарсаңында, сабақ соңында Наурыз мерекесі туралы оқушыларға мағлұмат берілді. Педагог сабақта барлық оқушыларды мадақтап, мақтап отырды. «Музыкалық квартал» студиясының тәрбиенушілері үлкен шығармашылық белестерге жеткен, шоқ жұлдыздар сияқты жанып тұрған жас өнерпаздар.



Жүрекке мейірімді бейнелер

М. Катаев атындағы Облыстық Оқушылар сарайында Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Сымбат» және «Палитра» бейнелеу студияларының жетекшілері Каркавина Елена Александровнаның және Дмитриева Василина Александровнаның ұйымдастыруымен «Менің сүйікті анам» атты сурет көрмесі ашылды.



8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған көрмеде кескіндеме техникасында салынған балалардың 35 ең үздік суреті ұсынылды. Қойылған міндетке әр бала шығармашылық жақтан қарады. Балалардың салған әр кейіпкері өзіндік қасиеті бар, жарқын, айқын болып шықты. Суреттердің кейбірінде ана өз жанұясымен бейнеленді. Жас суретшілердің қызықты жұмыстарын 400-ден астам үйірмешілер байқады.

Тілек білдіріп көремін деушілерге көрме ашық.

«Ағашты қорға» акциясы

Кенжекөл орта мектебінің жасуаландары «Ағашты қорға» акциясына қатысып, 500 кг макулатура жинап тапсырды. Жинаған қаржыға мүмкіндіктері шектелуі балаларға әдемі альбомдар, фломастерлер, кітаптар, дәптерлер және тағы да басқа сыйлықтар сатып алды. Балаларға ойын-конструктор ерекше ұнап, көңілдерінен шығып жатты. Сонымен қатар, түскен қаржыға Кенжекөл балалар жаңуа типті ауылының оқушыларына галстуктер мен белгішелер алынды.

Ерсінұлы Алтынбек 3 «а» сыныбында, үй жағдайында оқитын оқушы. Мұғалімі Қапиза апай үйге келіп, дәріс береді. Бүгін Алтынбекке 20 кг. макулатура жинаған 6 «а» сыныбының оқушысы Рахат Сүлейменов келіп, өз сыйлықтарын табыстады.

Еркежан Жексенбекова 2 «в» сыныбында оқиды. Денсаулығына байланысты Еркежан да үйде білім алады. Настя Песоцкая сыныптастарының ортасында ең көп макулатура жинап, бүгін келіп өз сыйлықтарымен Еркежанды қуантты.

Аида Серік үй жағдайында оқитын 3 «А» сынып оқушысы. Бұл оқушының сүйікті мұғалімі Алия Науановна. Біздің мектептің жасуаландарының сыйлықтарына Аида қатты қуанды.

Кенжекөл мектебінің ұланбасы, Сабит Жадыра, 8 «а» сынып



Сіздер үшін есігіміз айқара ашық...

4-ші наурыз күні Генерал Дүйсенов көшесі, 38-ші үйінде орналасқан М. Катаев атындағы Облыстық Оқушылар Сарайының филиалында ашық есік күні өтті. Осы филиалдың өз жұмысын бастап кеткен әр-түрлі бағыттағы орталықтарында Павлодар қаласының №4, 6, 11, 16, 28, 35 мектептерінің оқушылары экскурсияда болды.

Олар: мектепке дейінгі оқушыларға білім беретін эстетикалық дамыту және тәрбие беру бөлімі, би ұжымдары, қазақ тілі және ағылшын тілі үйірмелері, скаутинг, журналистика студиясы.

Осы жердің табалдырығын аттаған әрбір бала шығармашылық пен қуаныш ахуалына бөленеді. Ойластырылған дизайнлық шешімдер, дәліз бен сыныптағы коллаждар мен көлемді графика, сәнді кафе, витраждар заманауи жиһаз бен техника - осының бәрі, балаларға деген сүйіспеншілікпен, әзілмен, аса талғаммен жасалған.

Үйірмеге қатысушыларға журналисттер, фотографтар, тіл мамандары, би өнерінің ұстаздары, психологтар дәріс береді, педагогтердің көбі - жоғарғы санаттағы мамандар.

Қызықты экскурсияда болған кісілердің барлығы: - Сәнді, тартымды, жайлы, - деп өз ойларын білдіріп жатты. Ал кейбіреулері болса өз жандарына қолайлы істі таңдап үлгерген.

Құрметті балалар, көптен асыға күткен ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі бүкіл әлемге нұрын жаудыратып, әсем табиғатын ұйқысынан оятып, гүлдендіріп біздің арамсызға да келіп жетті. Ұлыс мерекелерің құтты болсын! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!



СЕНІҢ ӘЛЕМІҢ

№3-4

(193-194)

от 17 марта
2015 года

Наурыздағы салт-дәстүрлер

Наурызнама – шат-шадыманды ойын-сауық, той.
«Қазақтың» қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурызнама.

Наурызнамада қыз-жігіттер жиналып, бас қосып, ұйқыашар әзірлейді. Ол ет, уыз сияқты дәмді тағамдардан жасалады. Қыздар өздерін ұнатқан жігіттеріне «ұйқыашардан» дәм таттыратын болған. Мұның мәнісі оларды «Ұлыстың ұлы күні» ұйықтап қалмасын деген ескі ұғымнан туған. Оның үстіне «ұйқыашар» болашақ күйеулеріне күш-қуат, махаббат, нәзік сезім әкеледі деп түсінген.

Жігіттер қыз-келіншектерге сақина, сырға, айна, тарақ сияқты сыйлықтар береді. Оны «селтеткізер» деп атайды. Бұл дәстүрді сыйлықтағы айна – пәктік пен жастықтың, тарақ – әдемілік пен сұлулықтың, иісу – бүршігін жаңа жарған жауқазындай құлпырудың, жайнай түсудің белгісі.

Наурыз-тілек – достық көңіл мен тілектестіктің, адамгершіліктің белгісі әрі тойдың жарасты салтының бірі ретінде айтылған.

Наурыз айында мал төлдей бастайды. Олар наурыз төлі деп аталып, төл басы ретінде бағаланып, малжанды қазақ баласы оны ерекше күтіп бағады. Төл басы сатылмайды, ешкімге сыйға берілмейді.

Наурызкөк – наурыз айында ұшып келетін көктем құсы. Қарасы шағын ғана, осы құстың шығысы елі күтіп жүреді. Оны алғаш көргендер «Наурыз келдің бе?» деп шақырып, жем шашады. Наурызкөкті ешкім қумайды, үркітпейді.

Наурызшешек – наурыз айында өсетін жапырақты, түрлі-түрлі гүлді, қауашақты әсем өсімдік. Оны үйде өсіреді. Майының дәрілік қасиеті бар.



Наурыз

Көктем келіп, мал төлеп, Шараға толды сары уыз. Жақсы үміт күткен еліме, Береке сыйла наурыз **Жакупов Мадияр, Ертіс ауданы**

Ұлыстың ұлы күні

Наурыз – жыл басы, көктем мейрамы. Біздің қазақта наурызды Ұлыстың ұлы күні дейді. Наурыз айында күн ұзарып, түн қысқарады. Күн шуағы мөлдіреді. Қар еріп, сылдыр-сылдырлап бұлақтардан су аға бастайды. Көктемде жер беті кілемдей жайнайды. Көктемнің ең алғашқы гүлі бәйшешек шыға бастайды. Жылы жаққа кеткен құстар да қайтып келеді. Көл сәні сұлу аққу, қаз бен үйрек келеді, даланы думанға айналдырады. Құстар бір ағашқа қонып, әндетіп жүріп, ұя салады.

Адам үшін көктем қызу жұмыс науқаны. Осылайша наурызда көп өзгерістер болады. Наурыз мерекесінде наурыз көже даярланады, дастарқан жайылады. Халық бір-бірін мерекемен құттықтайды. Наурызда алтыбақан құрылады, ән салынып, би биленеді. Әр түрлі ойындар ойналады. Халық түсінігі бойынша осы күні алтыбақан құрылады, ән салынып, би биленеді. Әр түрлі ойындар ойналады. Наурыздың 21-нен 22-не қараған түні даланы Қыдыр ата аралайды – деген. Бұл түн «Қыдыр түні» деп аталады.

Қыдыр түні Жаңа жыл табалдырығын аттап кіреді. **Павлодар қаласы, №24 ЖОББМ, 4 – сынып, Диана Резуанова**

Құстар деген не?

Құс – қанаты, қауырсыны, тұмсығы бар, тісі жоқ, іші мықты сүйектері бір-бірімен жіксіз тұтасатын, тыныс алу жүйесі өте тиімді жұмыс істейтін, бұлшық еттері жақсы дамыған, жылықанды, омыртқалы жануар.

Құстарды жер шарының барлық белдемдерінен кездестіруге болады. Бүгінгі таңда құстардың 9000-дай түрі бар.

Білгенге – маржан!

Құстың жүрегі неге адам жүрегінен жиі соғады?

Құстың жүрегі адам жүрегінен анағұрлым жиі соғады. Өйткені оттегіні айналдыру үшін жүрек қатты жұмыс істеу керек. Колибридің жүрегі минутына мың рет соғады екен. Ал адам жүрегі минутына небары 60-90 рет соғады.

«Ұшқыш әнші» деп нені айтамыз? Құстардың көбісі бұтақта қонақтап отырып сайрайды. Ал бозторғай ұшып жүріп сайрайды. Оны «ұшқыш әнші» дейді.

Мектепте бастауыш сыныптар арасында «Құстар біздің досымыз» суреттер байқауы өтті.

№35 ЖЖБМ «Жас Ұлан» ұйымының басшысы Шаймолда Ұлжан



Оқушылар сарайының «СЫРМАҚ» ҮЙІРМЕСІ НАУРЫЗ ТУРАЛЫ СЫР ШЕРТЕДІ

Наурызым - жырым

Наурыз - басқа ұлттар мен халықтардың жаңа жыл мейрамы іспеттес өте көнеден келе жатқан халқымыздың жаңа жыл мейрамы. Халқымыздың ала жаздай, алты ай қыс деген сөз тіркестері қыс пен жаздың, күн мен түннің, ыстық пен суықтың тепе-теңдікке келген сәтін бастап наурыз тойы тойланып келген. Наурыз тойы кезінде қариялар «Атадан ұрпаққа мал қалсын, өзенде саялар тал қалсын» деп бата беретіндіктен тілек тілеуге ұласып, жастар бұлақтың көзін ашып, ағаш егіп, ауыл маңы, ауланы тазалап, жаңарту жасайтын. Әйелдер: жаңа шығып келе жатқан күнге «Армысың қайырымды күн Ана» деп сәлем берсе, ерлер: «Кеудесі түкті жер - ана құт дарып жарылқа. Ескіден есірке, жаңадан жарылқа, айдан аман, жылдан есен болайық!» - деп жаңа жылдың алғашқы күн шапағының жарығына құшақ жая амандасады.

Ұлыстың ұлы күні адасушыларды, ажырасушыларды табыстырып, жетім жесірлерге көмектеседі. Жігіттер қыздарға сыйлық жасап «селт еткізер» ұсынады. Қыздар жігіттерге «ұйқы ашар» береді. Ұлыс күні жеті түрлі астан-соғымның еті, тұз, құрт, сүт, бидай, пияз және сәбіз қосылған наурыз көже пісіріледі. Наурыз көжені тойып ішу жыл бойына тоқшылық болсын деген ұғымды білдіреді.

Наурыз тойының соңы: Алтыбақан басында жастар түнімен түрлі ұлттық ойындар ойнайды, айтысады. Таң ата көпшілік биіктеу төбенің басына шығып, шыққан күннің шапағын қарсы алады. Күлімдеп көрінген күнге иіліп сәлем береді. «Құт дарысын» деп айнала төңірекке ақ шашады. Қазақтардың астрономиялық түсінігі бойынша, жаңа жылда күннің көзі көрінген уақыттан бастап, екі сағат уақыт «Күн сәті» деп аталады. Халқымыздың күнді қарсы алу салты «Егер кімде кім Ұлыстың Ұлы күнінің «Күн сәтінде» мандайына күн шұғыласын түсіріп қарсы алса, «Наурыздың құты дариды» деген ұғымнан алынған дәстүр.

«Сырмақ» ұлттық кол өнер үйірмесінің жетекшісі, Дәуірбек Жақсылыққызы



Наурыз тойы

Наурыз тойын тойлайық, Барша халық жиналып. Амандасып, сырласып Асыр салып ойнайық!

Наурыз тойын халайық, Тату-тәтті тойлайық. Күн менен түн теңесті, Наурыз самал желесті.

Наурыз біздің келеді, Қорада мал төлдеді. Наурызда бірге болайық, Наурыз тойын тойлайық.

Кайдар Саяжан, «Сырмақ» үйірмесі

Наурыз

Наурыз мейрамын тойлайық Наурыз көже ішейік, Той, тойлайық көнекей! Апам-келіп шақырды! Әкем – келіп шақырды! Екеуінің айтқаны: - көкпарды көрейік! Бүркіттері жеңіпті! Біз, тойлаймыз - тойлаймыз! Ән айтып жүріп ойнаймыз!

Қойшыбай Айша, «Сырмақ» үйірмесі





СЕНІҢ ӘЛЕМІН

№3-4

(193-194)

от 17 марта
2015 года



ЭКСПОНАТТАР СӨЙЛЕЙДІ

Ұлы Жеңістің 70-жылдығының қарсаңында 11 наурыз күні М.Катаев атындағы Павлодар облыстық Оқушылар сарайында «Аталар-ардагерлер, немерелер-ізерттегіштер» ұрпақтар жалғастығының жанартылған мұражайының салтанатты ашылуы болды. Мұражайдың ашылуында соғыс және еңбек ардагерлері: Ұлы Отан соғысының ардагері Николай Алексеевич Солдатенко, тыл еңбеккерлері Дмитрий Никифорович Фалеев және Пётр Алексеевич Гарин, атақты өлкетанушы, Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражай қорының бұрынғы сақтаушысы Эрнест Дмитриевич Соколкин, облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы, Павлодар қаласының құрметті азаматы Валентина Васильевна Шершнёва, «Майдан жолы» іздеу жасағының №1 бөлімінің командирі Рафаэль Шамилевич Мухамеджанов, Павлодар облысы білім беру басқармасының өкілдері, облыстық Оқушылар сарайының директоры Алма

Жумабайқызы Ерубасева, мұражайдың бірінші жетекшісі және құрушысы Людмила Ивановна Асева, келесі жылдары мұражайға жетекшілік еткен Даматкен Байханқызы Кабулова, бұрында

Оқушылар сарайында жұмыс істеген басқа да еңбек ардагерлері, облыстық арнайы қадет мектеп-интернатының тәрбиеленушілері, облыстық «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымының көшбасшылары, Павлодар қаласының басқа да қоғамдық ұйымдарының өкілдері қатысты.

Мұражайдың дизайні жақсартылып, безендіру кезінде заманауи стеллаждар және экспозициялық шкафтар сатып алынды. Майданнан келген үшбұрыш хаттар, құжаттар, фотосуреттер, солдаттардың жеке киімдері, патрондар, оқтар, гильзалар, бакыраштар, дулыға қалпақтар, дүңгірлер, жазу кітапшалары және тағыда басқа Ұлы соғыстың көне заттары - уақыт қалдырған іздердің куәсі болып табылады. Осы әрбір сөйлейтін экспонаттардың барлығының өзінің тарихы бар ұзақ сапардан өтіп, замандарға сол дәуірдің рухын сыйлайды

ҚАЛАМҒЕР

Ешқашанда батыр бабалар ерлігі ұмытылмайды



Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Ашық аспан, бейбіт өмір. Бүгінгі ұрпақ қазіргі тәуелсіз Қазақстан елінде алаңсыз өмір кешуде. Мұндай еркіндік бақытын адамзат тарихындағы ең жойқын күресте бесіктен белі шықпай еңбекке араласып, бұғанасы бекімей қолына қару алып, қасық қаны қалғанша күрескен аға ұрпақ сыйлайды. Биыл Ұлы Жеңіске - 70 жыл. Салқын сан жылдарға созылған сол бір сұрапыл соғыстың жанғырығы – мәңгі жадымызда. Арада көзді ашып жұмғанша 70 жыл өтті. Аталарымыздың ерлігі ғасырлар өтсе де, дәмі кетпес мұра болып қалды. Кешегі күні от майданда от кешкен, кеуделерін оқ тескен, тірі қалғандары аман-есен туған елі мен жеріне оралып, қаза тапқандары сол жақта қалған, көпшілігі хабарсыз кеткен қайран аталарымыздың ерліктері мәңгі ұмытылмас. Жылдармен жылжып өткен, ғасырдың ең елеулі оқиғасына айналып бара жатқан Ұлы Отан соғысы бүгінгі ұрпақтың жадынан өшуі тиіс емес. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорку деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үніліп қарасақ, халқымыздың қанды қырғында қаймықпай

соғысканына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері Жеңіске жету жолында қазақстандықтардың асқан ерлігі мен әскери жанқиярлығы Отан соғысы тарихындағы жарқын беттері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сондықтан Жеңіс күні әрқайсысымыздың жүрегімізге жақын. Өкінішке орай, уақыт сол ұлы оқиғаларға қатысушыларды біздің қатарларымыздан алып кетіп жатыр. Олар азайған үстіне азайып барады. Бірақ ешкім де, ештеңе ұмытпауы тиіс! Себебі бұл – біздің тарихымыз, біздің мақтанышымыз, біздің даңқымыз! Солай болғандықтан да өскелең жас ұрпақты, сіздерді аға буынның майдан мен тылда көрсеткен ерліктері үлгісінде тәрбиелеу – міндетіміз. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды.



Айсана Сланбекова, Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, 10 «б»-сынып



Ұлы жеңіске тағзым

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. 9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді еске сақтау.

Біздің ардагерлеріміз! Олар кемде - кем қалды. Оларға лайықты, көмек көрсету керек екендігін, ата-әжелеріміздің ересен ерліктерін мәңгілік ұмытпай есте сақтап, ерліктерін ұмытылмайтынын дәріптеу. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жан қиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері, Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Ұлы Отан соғысының - 70 жылдығына байланысты кітапхана көмекшісі Шынар Айтымқызының көмегімен әр апта сайын шебер-сыныптар мен тарихи сабақ, танымдылық сағаттары өткізілуде. Оқушыларға слайд арқылы берілген әр тақырыптар, соғыс жылдарындағы концлагердегі азапты күндер, жеңіске қалай жеткеніміз жайында көптеген мәліметтер, осының барлығы – ұрпаққа берер мұра.

Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елін қастерлеуге, жерінің адал патриоттары болуға тәрбиелеу.

Павлодар қаласы, №22 мектебінің кітапхана Менгерушісі, Сауле Амренова

ҚАБДОЛЛА АҒАНЫҢ ҮЙІНДЕ ҚОНАҚТА



**СЕНІҢ
ӘЛЕМІҢ**

№3-4

(193-194)

от 17 марта
2015 года

Ұлы Жеңістің 70 жылды қарсаңында №19 Жалпы орта білім беру мектебінің оқушылары соғыс ардагері Қабдолла Ибраһимұлы Мусиновтің үйіне мерекемен құттықтап сұхбаттасып қайтты.

Қабдолла Ибраһимұлы Мусинов Павлодар ауданы Шәукен аулында 1924 жылы туған. 1943 жылы наурыз айында әскерге шақырылған. Алдымен Новосібір облысындағы Бердск станциясында пулемет батальонында оқыған. Омбы қаласындағы танк жүргізушілерін дайындайтын мектепте білім алды. Бұл оқу ордасында 5 ай оқып, танк әскерімен Мәскеу маңында жаттығудан өтті. Үшінші Белорусь майданының шебіне 517-танк полкімен 1944 жылы 23 маусымда таңғы сағат 3-те шабуылға кірісіп, жауды күніне 60-70 км-ге дейін бас көтертпей қуып отырып, Белоруссияның Бобруйск қаласына жетіпті. Сморгон Молодечный станциясының жанында жау бомбасының астында қалып, ДТ-34 танкі өртеніп, атамыз ауыр жарақат алды. Госпитальда төрт ай емделіп, 1944 жылдың қараша айында мүгедек болып үйге оралады.

«Ерлігі үшін», «Георгии Жуков», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен және «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталады.

Соғыстан соң 1955 жылы Ленин кентінде №11 автобустың жүргізушісі болып, кейін механик болып жұмыс істеді. Бұл салада да бірталай жетістіктерге жеткен. «Мінсіз еңбегі үшін» медалі табыстылып,



Мәскеулегі Бүкіл одақтық халық шаруашылығы көрмесіне қатысты. Ұлы ерлікке мың тағзым.

Бүгінгі бақытты өмірді сыйлаған ардагер аталарымызға үлкен құрмет пен алғысымызды білдіреміз. Ерлік пен бейбітшілік жасай берсің!

**Кулмағанбетова Гүлназ,
«Қаламгер» үйірмесі**

Павлодар қаласы №22 жалпы орта білім беру мектебінің «Арай» баспасөз орталығы бүгін бізде қонақта

Жеңіске 70 жыл!

Елім деп соққан жүрегім,
Жерім деп жырлап ән салам.
Көгінде ұшқан қалықтап,
Қыран құсын ардақтап
Қазақ елі самғасын.
Қанаты талмай әрқашан.
Биікте туым желбіреп,
Әнұран ойнасын әрдайым.
Жеңісіміз құтты болып,
Береке келсін ылайым!

**3 «е» сынып оқушысы
Рахметолла Қарлығаш**

Бақытты өмір сыйлаған

Біздің болашағымыз үшін, бақытымыз үшін батырларымыз өмірлерін қиды. Олар жас болса да соғысқа барды. Бұл батырлар Ұлы Отан соғысы басталысымен майданға аттанды. Елі үшін, халқы үшін ерлік көрсетті. Біздің батырлар фашистерге оқ жаудырды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Қанаш Қамзин, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Серікбай Мүткенов, Махмет Қайырбаев.

Осындай батырларымыз тек қана алға жүріп, жауларын қырған. Мен осындай батырларымыздың арқасында бақытты өмір сүріп жатырмын. Біз батырларымызды мақтан етеміз. Соғысқа қатысқан ардагерлерге Кеңес Одағының Батыры деген атақ берілді. Біз бұл батырларды мақтан етуіміз керек. Өйткені олар біздің халқымызды, жерімізді де сақтап қалды. Біз олардың атағын қорғау керекпіз. Біз батырлар туралы шығармаларды, өлеңдерді жазып білуіміз керек. Сонда ол біздің батырларға айтқан рахметіміз. Олар біздің

мақтанышымыз. Біз сол батырлардың ізін ары қарай жалғастыруымыз керек.

**Рахимжанова Қалия
3 «е» сынып оқушысы**

Жеңіс күнін жақындатқандар

Бүгін – Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70-жыл. 22 – маусым – барлық посткеңестің елдердің тарихындағы ең қайғылы дотаның бірі. Осыдан 70-жыл бұрын, дәл осы күні таң қылан бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғы кезеттен басталғанымен, Қазақстан бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір – түкпірінде әскери Комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған балалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

1939 жылдың дерегі бойынша, біздің Республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың Қазақстандық шақырылған, 20 - дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасакталған. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Маметова бар.

Рейстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахимжан Қошқарбаев. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Данқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Жеңіс күнін жақындатқан ардагерлерімізді ешкім де ұмытпауы керек.

**Рахимов Аруан
3 «е» сынып оқушысы**

ҚАЛАМҒЕР

Ұлы Жеңіс күні туралы ашық сабақ

Жуырда, Кенжекөл жалпы орта білім беру мектебінде 4 «Б» сынып оқушылары, сынып жетекшісі Мукатаева Алия Науанқызы «Ұлы Отан соғысына - 70 жыл» айлығының арасында тәрбие сағатын өткізді. Ашық сабаққа мектеп директорының орынбасары Жомартова Гүлнәр Серікбайқызы, оқу ісінің меңгерушісі Бақыт Жұмабекқызы Есмағамбетова, мектеп ұстаздары, оқушылардың ата-аналары және көрермендер ретінде 3 «А» сынып оқушылары шақырылды.

Тәрбие сағаты әдеби-музыкалық композиция түрінде өтті. Оқушылар Ұлы соғыс туралы «Жеңіс күні» атты әнінің музыкасымен сүйемелдеп мәнерлеп өлеңдер оқыды. «Ұлы Жеңіс күні» атты презентациясын көріп, жерлесіміз М.И. Идрисовтың «Жауынгер» атты әнін орындады. Оқушылар өткізілген тәрбие сағатынан, Ұлы Отан соғысы туралы таусылмас білім алып, қажетті мәліметтер мен ақпараттар жинады. Ал ұстаздар мен ата-аналар балалардың патриоттық сезімдерін оятты.

Ұлы Жеңіс күні – туралы ұғымдарын кеңейтіп, «бейбітшілік», «соғыс» сөздерінің мағынасын түсіндірген үшін алғыстарын білдірді.

**Кенжекөл жалпы орта білім беру мектебінің мұғалімі,
А.Н.Мукатаева**



Қазақ батырларына

Ризамын қазақ батырларына,
Өз жанын қиған қан майданда.
Қар-аппақ, қан-қызыл жау-қатал,
Ұлы соғыс күнін осы ашар.

Фашистердің танкін жарып,
Ауаның ұшақтарын төңкере алған.
«Отан үшін» деп алға шығып,
Төрт жылда жауды жеңе алған,

Төрт жыл азғана уақыт емес,
Жай ғана қорқынышты түс емес.
Қанша жан, қанша қан келмеске кетті,
Жеңіс уақыты міне келіп жетті.

Тоғызыншы мамыр - Жеңіс күні,
Қуанышты дауыстың шығар үні.
Қанша адамның көз жасы ағып өтер,
Еске келер сол бір қиын сәттер.

Қазақтың Әлиясы, Мәншүгі,
Ержүрек батыры - Бауыржаны.
Оларды білер келешек ұрпақта,
Ерліктері ұмытылмас тарихта.

Соғыстан аман есен келгендер,
Олар - біздің батыл ардагерлер.
Олар үшін өмірдің ең қиыны -
Жылдан-жылға азайып жатқаны.

Ерліктерін ұмытпайық жасаған,
Есімізде болсын олар әрқашан!
Ардақты біздің батырларымыз,
Ерліктеріңіз үшін мың алғыс!

**Павлодар қаласы,
№30ЖОМ
8 «А» сынып оқушысы,
Альмағамбетова Жанель**



Біз бейбітшілікті сүйеміз

Мен соғысты жек көрем,
Кім қасірет шекпеген,
Кім көз жасын төкпеген,
Талай жылдар өтсе де,

Естеріңен бір сәт кетпеген, - деген ашу-ыза талай батырларымыздың жүректерінде ерімес мұз болып қатып қалғандай. Сол соғыстың аяқталғанына, яғни Ұлы Жеңіске биыл 70 жыл толғалы отыр. Қазақстандықтардың майдан даласындағы ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат 4 шамасында фашистік Германия әскері КСРО-ның батыс аумағына баса көктеп кірді. Гитлердің соғыс жоспары «Барбаросса» деп аталды. Ол сол бойынша КСРО-ны қысқа мерзім ішінде жаулап алып, оны болашақ соғыс жорықтары кезіндегі шикізат адам қоры көзіне айналдырмақшы болды. Кеңес халқы тарапынан әділетті бұл соғыс тарихи әдебиеттерде «Ұлы Отан соғысы» деп аталуы сондықтан. Бейбітшілікті орнату үшін қазақтың өзіміздей жас қыз-жігіттеріміз өз елдерінен жыраққа кетіп, отан үшін от кешті. Олардың басты мақсаты елге тек бейбітшілікті әкеліп, көңілдеріне қуаныш орнату еді. Сонымен, Отанның адамға не үшін қымбат екенін түсіндім. Бабаларымыздың «Отан үшін отқа түссең күймейсің», - деген қымбат та асыл сөздер бекер айтылмаса керек. Отан үшін от кешкендердің жүрегінің дүрсілі тек «Отан» деп соқты. Олар бізге бейбітшілік пен бақыт сыйлау үшін жандарын қиды. Жан қию оңай ма? Біз бейбітшілік жолындамыз, осы жолдан таймауға тырысайық!

Ұлы отан соғысының құрбандары...

Олар елім дегендер!
Олар жерім дегендер!
Рухтық сана-сезімге...
Азаттықты жеңем дегендер!
Ажал беттеріне қарап тұрса да,
Шегінбе дегендер!
Олар елім дегендер!
Олар жерім дегендер!

**Даниярбек Альмира
7 а сынып оқушысы,
Спутник орта мектебі**



«Болашақ бүгіннен басталады!»

26 ақпан күні М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайында «Жас Ұлан» бірінғай балалар - жасөспірімдер ұйымы» қоғамдық бірлестігімен және «Нұр Отан» Павлодар облыстық филиалының «Жас Отан» жастар қанатының Ұлы Отан Соғысының 70-жылдығына арналған «Болашақ бүгіннен басталады - Будущее начинается сегодня!», атты облыстық форумы өткізілді. Форумда келесі шығармашылық топтар жұмыс жасады: «XXI ғасыр - топтық жұмыстың ғасыры», «Көшбасшы немесе басшы? Айырмасы неде?»,

(көшбасшылық сапасының дамыту тренингі). «Табысқа бастар жол» жоба аясында «Ұрпақтар кездесуі» өткізілді. Форумның аса құрметті қонақтары Ұлы Отан соғысының ардагері «Красная звезда», «За боевые заслуги», «Юбилейный» ордендерімен марапатталған



Құсайынов Әнуарбек Қайдарұлы, Қазақстан Республикасы Ұлттық гвардиясының Петропавл жоғарғы әскери институтының 4 курс курсанты, III – ші дәрежелі «Айбын» және «Ерлік үшін» ордендерінің иесі Ербол Отарбаев және «Нұр Отан» Павлодар облыстық филиалы «Жас Отан» жастар қанаты атқарушы хатшысының орынбасары Ыбытаева Жұлдыз Қасенқызы қатысты.

Делегация қатысушылары Қазақстан хандығының 550-жылдығына арналған интеллектуалды викторинасына, «Тарих бетінде» атты ерлер сабағына, «Патриот. KZ» тәжірибесіне және «Бір-біріне бетпе-бет қарау» атты тренингтеріне қатысты. Ұлы Отан соғысының 70-жылдығына арналған «Тарих бетінде» атты балалар әлеуметтік жобалары және буклеттер көрмесі жұмыс жасады.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен техника әлемін тану

Оқушылар сарайының «Мастерок» үйірмесінде мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасалып және балаларға инклюзивтік білім беру жұмысы алға басып келеді.

Бұл үйірменің басты мақсаты, баланы үнемі қамқорлықта ұстау, және баланың қарым-қатынас шеңберін ұлғайтып оны белсенді тұлға ретінде тәрбиелеу. Оқушылар сабаққа сурдоаудармашылар, тәрбиешілер және ата-аналардың көмегімен еріп келеді.

Балалар сабақ барысында жұмысты басынан аяғына дейін тиянақты, ұқыпты орындап, әр жұмысқа ерекше зейін қояды. Бұйымды жасау технологиясының барлық ережесін сақтайды. Мұндай балалардың қолының шағын моторикасы жақсы дамыған, үлгіні жинақтағанда әрбір күрделі сызықты сезіп, қолма-қол керек үлгіні жинайды. Үлгіні ресімдеген кезінде олар өздерінің эстетикалық талғамдарын айқын ашады, ой-киияларын бейнелейді.

Сабақта пайдаланатын технологиялар балалардың шығармашылық қабілетін ашып, денсаулықтарын нығайтуға рухани және зияткерлік дамуын арттыруға көмектеседі. Балалардың жалықпай кетуін ескере отырып, шығармашылық жұмысты тоқтатып, олармен жұмбақ жасырып, әртүрлі оқиғаларды әңгімелеп, ойындар ойнап, сөзжұмбақ шешеміз. Балалардың



техникалық білім, білік дағдыларын қалыптастырып, шығармашылық дамуын да жүзеге асырамын.

Үйірме жұмысына байланысты балалар өміріндегі уақиғаларға ата-аналардың назарын аударуға үлкен мән беремін. Ата-аналар балаларымен бірге сабаққа қатысады, ұсынылған бұйымдарды бірге орындайды, ортақ қызығушылықты қалыптастыруға, ықпал етеуі және рухани жақындықты туғызады.

Менің ойымша, мүмкіндігі шектеулі балаларға бастапқы техникалық үлгілеу үйірмесі өте қажет. Себебі балалар өзін-өзі жетілдіріп, өздігінен жұмыс жасап, шығармашылық қабілетін қалыптастырады.

«Мастерок» үйірмесінің жетекшісі Бектоғбаева Г.С.



Ақпан айының 18 жұлдызында Ақсу қалалық кітапханасында дарынды жастарды қолдау, мәдениетаралық қарым-қатынаста олардың белсенді азаматтық ұстанымы мен дүниетанымын қалыптастыру мақсатында «Тіл - барлық білімнің кілті» атты орыс тілі білгірлерінің байқауы өтті. Биылғы жылы мектебіміздің намысын қорғау 9-сынып оқушысы Эльмира Мажиноваға жүктелді. Байқау 3 кезеңнен тұрды: тест, берілген тақырып бойынша эссе жазу, мәнәреп оқу. Жыл сайын бұл сайыста біздің мектебіміз алдыңғы орындардан көрінетін. Бұл жылы да Эльмира жүйрік атанды. Сайыстың қорытындысы бойынша жүлделі I орынға ие болып, облыстық сайысқа жолдама алды. Алдағы сында Эльмираға тек сәттілік тілейміз!

Ақсу қаласы, дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы Адия Каиржанова, 11-сынып оқушысы.

Құрметті Зейнел Шакаровна!

Шәкірттерді сусындатқан біліммен, Мейірімін ақ жүзіңнен білінген. Ұмытпаймыз есіміңді ұстазым, Жүрегіміздің нақ төрінде ілінген.

Сарқып бізге сөздерінді сыр тұнған, Жігерінді толқындардай бұлқынған, Даналықпен жанымызға нұр құйып, Сіңіруге бойымызға ұмтылған.

Оқу-білім - еліміздің тірегі, Ұлағатты ұстаз – мектеп жүрегі, Аман болшы, ауырмашы ұстазым, Шәкірттердің сізге айтар тілегі!

Еске алғанда сол күндерді жиылып, Таусылмасын естеліктер тыйылып. Зейнел ұстаз, көп рақмет өзіңе, Бас иеміз алдыңызда іліп!

№ 21 ЖОББ-нің 11 «А» сынып оқушылары, Павлодар қаласы.



Зейнепке

Абыройлы зейнекерлігің құтты болсын, Ақ тілекпен жүрегің нұрға толсын. Қызығы мен қуанышы бұл өмірдің, Әрқашан басыңа бақ боп қонсын.

Ақкөңіл, аңқылдаған асыл жансын, Ұлт дәстүрін білетін асылдансын. Ортамызда жарқылдап жүре берші, Менен саған осындай тілек болсын.

Кежебаева Бақытқайша, № 21 ЖОББ-нің бастауыш сынып мұғалімі, Павлодар қаласы



Анашым

Мен тым жақсы көрем анашымды. Аналар әлділейді Алашымды. Кішкентайдан-ақ сүт беріп өсірген, Қадірлеймін анашым-жанашырды.

Анашым – жүрегімнің дүрсіліндей, Сол дүрсіл найзағайдың гүрсіліндей, Ақ жаулықты анам менің шуақ шашшы, Жарқырашы әрқашанда күн-түн демей.

Анашым әсем болып жүре берші, Миуалы ағаштың бүршігіндей. **Жанбау Марғұлан, Павлодар қаласы, № 3 гимназия-интернат**

Білгенге – маржан

· «Байғазы»- балалардың, жастардың жаңа киімі үшін берілетін ақшалай, заттай сыйлық, ақша.

· «Көрімдік»- жаңа туған балаға, жас келінге, құдасына, күйеуге береді.

· «Бастаңғы»- үйдің үлкендері жол жүріп кеткенде ауыл жастары сол үйге жиналып, жолаушылардың жолда басы ауырмасын «Бастаңғы» жаса дейді.

· Бастаңғының мәнісі - жастардың сол үйде ойын - сауық жасап, бас қосуында.

· «Жасау»- ұзатылған қызға берілетін дүние - мүлік. Халық қыздың жасауына жақсы бұйым, кілем, текемет, ыдыс - аяқ, төсек - орын, киім - кешек, әсем әшекейлі заттар берген. Жасауды қыздың еншісі десе де болады.

· «Қыркынан шығару»- әдетте баланың туғанына қырық күн толған соң, баланы ыдысқа, 41 қасық су құйып шомылдырады. Бұған үлкен әжелер, әйелдер қатысады, кәде беріледі, дастарқан жайылады.

· «Ерулік»- ауыл ортасына жаңа үй көшіп келсе, қоныстанса, сол ауылдың бұрынғы адамдары жаңа үйге «ерулік» деп ас пісіріп, табак тартады. Бұл - жаңа адамдарды бөтенсіретпей, өз ортасына тартудың, сыйласудың үлгісі.

Анашым

Анам менің, ақ анам, Балашым деп мақтаған Анам барда әрдайым, Қуанамың, шаттанам.

Әжетай

Менің әжем сымбатты, Әжем маған қымбатты. Құрт пен майын жинайды, Біздерге оны сыйлайды.



Ертіс ауданы, Северный орта мектебі, I-сынып оқушысы Аубакиров Исмағзам

Қыздарға қатысты тыйымдар мен ырымдар

* Қонақ қыз босағаға емес, қарттар отыратын құрметті орынға отырады. Әйтпесе үй иесі бақытсыздыққа ұшырайды.

* Қыздар мен әйелдер үлкен адамдардың жолын, алдын кесіп өтсе бақытсыз жағдайға ұшырайды.

* Кір жуған суды жолға, аяқ астына төгуге болмайды. Кірдің суын басқан адам жаманшылыққа ұшырайды.

* Қыз балаға аяғын созып, көселіп отыруға болмайды.

* Қыз балаға ер адамның жүзіне тіке қарауға болмайды. Көз қиығымен қарау дұрыс болады.

* Қыз балаға қатты дауыстап сөйлеуге, күлуге болмайды.

* Төркініне келген қыз төрде отырса төркіні байиды.





**СЕНІҢ
ӘЛЕМІҢ**

№3-4
(193-194)

от 17 марта
2015 года

ҚАЛАМҒЕР

ҰЛЫ ЖЕҢІС - ҰРПАҚҚА АМАНАТ!

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты тарихи Жолдауы барысында: «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы деп айтқан болатын.



Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз» деген болатын. Осы мерейлі мерекелердің бірі – Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Ұлы Жеңістің 70 жылдығын мерекелудің мәні мен бүгінгі таңдағы тарихи маңызын ашуға бағытталған іс-шаралардың бірі – Железин №3 жалпы орта білім беру мектебінде де өтті.

Отты жылдар шежіресі

Өткендегі қанға толы күндерде, қазіргі ардагер батырларымыздың аңсағаны тәуелсіздік пен бейбітшілікте ғұмыр кешу еді. Міне, сол аппақ нұрлы танды күнге де қол жеткіздік. Бірақ, осы күннің қадірін біліп жатқандар көп емес.

Сол кездегі әр адамның тағдырын айтар болсақ, алдынан талай сынақтар күтіп тұратын. Ал сол сынақтың мақсаты - өз елін қорғап шығу. Ол қазағымыздың бірігуінен басталды. Құрсағында баласы бар аналар да елінің бостандығы үшін көп көмек берген. Бауыржан, Әлия, Мәншүк сынды аға-әпкелеріміз соғыс алаңына шыққан. Нәтижесінде, біз бүгін бақытты ғұмыр кешіп жатырмыз. Одан соң шет елдермен бейбітшілікте өмір сүріп келе жатырмыз. Ата-бабаларымыздың аңсағаны қазақ елінің басқа елдермен бейбітшілік пен тұрақтылықты жалғастыру болатын. Міне, осы Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында біз ата-бабаларымыздың рухына тағзым ете отырып, олардың есімі, ерлігі тарихта мәңгі өшпесін деймін.

Қазақ елінде үлкен тыныштық орнағаннан кейін, әрбір адамның тілегі – бейбітшілігімізді жоғалтпау. Мен де өз тілегімді өлең жолдарымен білдіргім келеді:

Аспан астын қара будақ бұлт алып,
Жүрекерді қасіретпен қымтадық.
Қызыл шақа жөргектегі сәби де
Өсті өксіп қайғы менен мұң танып.

Соның бірі мектеп әкімшілігі мен ата-аналардың ұйымдастыруымен өткен Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұражайына оқушылардың экскурсияға баруы.

